

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық
педагогикалық университеті**

**Жоғары мектеп психологиясының
зерттеу әдістері**

Орындаған: 6М11600 география мамандығының
1 курс магистранты Калигуллаева А. Б

ӘДІС – ғылыми зерттеу жүргізудің жолдары немесе қандай да бір ақиқатты тану тәсілі.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ – белгілі бір таным тәсілін ұйымдастыру формасы


ҒЫЛЫМИ ӘДІС – белгілі бір объектіні зерттегенде қолданылатын амалдардың жиынтығы

Психологиялық зерттеу мәселесі:

Психологиял
ық ғылым-
білімдегі,
тәжірибедегі
жеткіліксіз
жайттарды
аңғару

Психологиял
ық ғылым-
білімдегі,
тәжірибедегі
зәрулікті
жоюдың
қажеттілігін
аңғару

Байқалған
психология
лық
мәселені
ғылыми
тұрғыдан
сипаттау.



КЕШЕНДІ


Комплексті (кешенді) әдіс —
әр ғылым салаларының
әдістер жиынтығын қолдану.

Лонгитюдті

Лонгитюдті әдіс «ұзақ уақытты зерттеу» деп аталады. Бір баланың дамуы ұзақ уақыт бойынша зерттеу. Зерттеуші зерттеу міндетін және оны шешудің негізгі жолдарын белгілеп отырып, өзінің жұмысында бірнеше қадам жасайды. Белгілі бір уақыт аралығындағы құбылыстар мен объектілерді неше қайтара зерттеуге мүмкіндік береді

САЛЫСТЫРУ

Зерттелушілер тобын жас ерекшеліктеріне, жыныстық айырмашылықтарына, іс-әрекеттеріне, т.с.с. байланысты салыстыра отырып, мінез-құлықтың, жүріс-тұрыстың, психологиялық актілердің жеке механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді



БАЙҚА У

Байқау – кең таралған зерттеу әдістерінің бірі.

Байқау әдісі – адамның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын кейіннен талдап, түсіндіру үшін арнайы ойластырып, мақсат-бағдарлы, жоспарлы түрде біраз уақыт жүйелі түрде қадағалау.

Байқаудың ең негізгі екі формасы: өзін-өзі байқау (интроспекция), сырттай (объективті) байқау, еркін байқау, стандартты байқау және араласа (кірісе) жүріп байқау.

ЭКСПЕРИМЕНТ

Эксперимент (тәжірибе) – психикалық құбылыстардың мәнді ерекшеліктерін объективті түрде анықтау міндеттерін шешеді. С.Л. Рубинштейн эксперименттің төрт түрлі ерекшеліктерін бөліп көрсетеді.

Біріншіден, байқау кезінде зерттеуші жағдаятқа белсенді түрде кірісіп кете алмаса, экспериментте зерттелетін құбылыстың пайда болуына өзі тікелей араласып, ықпал етеді.

Екіншіден, тәжірибе жүргізуші зерттелінетін психикалық жайттың шарттарын, жағдайларын және барысын өзгерте, түрлендіре, қайталай алады.

Үшіншіден, эксперимент кезінде зерттеу нәтижесін бірнеше рет шығарып алуға болады.

Төртіншіден, эксперимент шарттардың сандық қатынастарын түрлендіруге де мүмкіндік береді, зерттеу нәтижелерін математикалық жолмен өңдеуге лайық болады.

СҰРАҚТАМА

Сұрақтама – зерттелушіге қойылатын сұрақтардан немесе зерттелуші кұптап, келісетіні, я болмаса, кұптамай, келіспейтіні бойынша психологиялық қорытынды жасауға арналған пікірлерден кұралатын әдістеме.

Сұрақтама бойынша зерттелуші еркін формада жауап бере алса, онда ол *ашық типтегі сұрақтама* деп аталады. Ал, ұсынылатын баламалардың бірін таңдау қажет болса, онда *тұйық (жабық) типтегі сұрақтама* анықталады.

САУАЛНАМА

Сауалнама арқылы психологияда зерттелуші жайлы өмірбаяндық, әлеуметтік, географиялық-демографиялық, зерттелушінің бір жайттарға, заттарға, құбылыстарға деген қатынасы бойынша мәліметтер алынады.

СҰХБА

Т

Сұхбат зерттелетін мәселеге қатысты нақты жоспар бойынша әңгімелесу барысында зерттелушіден ауызша жауап алу әдісі. Сұхбат *стандартты және стандартты емес* деп ажыратылады.

Стандартты сұхбат барысында қойылатын сұрақтардың реті, мазмұны әрқашан өзгеріссіз, қатаң сақталып, зерттелушілердің баршасына бірдей болады.

Стандартты емес сұхбат барысында жалпы жоспар негізінде сұрақтарды нақты жағдайға, зерттелушінің ерекшеліктеріне орай ыңғайлап, қолдануға болады.

Пайдаланылган әдебиеттер:

- Ю.В. Щербатых Общая психология.— Питер, 2008.
- Дмитриева Н.Ю. Общая психология. Конспект лекций. — Эксмо-Пресс, 2008.